



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ ЖОҒАРЫ БІЛІМ  
МИНИСТРЛІГІ

АСТАНА ХАЛЫҚАРАЛЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ,  
ОШ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ (ҚЫРҒЫЗ РЕСПУБЛИКАСЫ), «КАЗАН  
(ПРИВОЛЖЬЕ) ФЕДЕРАЛДЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ» (РЕСЕЙ ФЕДЕРАЦИЯСЫ),  
СОТИМ УЛУГЗОДА АТЫНДАҒЫ ТӘЖІК ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ШЕТ ТІЛДЕР  
УНИВЕРСИТЕТІ (ТӘЖІКСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ)

ХАЛЫҚАРАЛЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ КОНФЕРЕНЦИЯ

«МЕКТЕП ЖӘНЕ УНИВЕРСИТЕТ: ЖАҒАНДЫҚ ТРЕНДЕР ЖАҒДАЙЫНДА БІЛІМ  
БЕРУ ИНТЕГРАЦИЯСЫ»

АҚПАРАТТЫҚ ХАТ

ҚҰРМЕТТІ ӘРШТЕСТЕР!

Астана халықаралық университеті серіктес жоғары оқу орындары - ОШ мемлекеттік университетімен, Казан (Приволжье) Федералдық университетімен, Сотим Улугзода атындағы Тәжік халықаралық шет тілдер университетімен бірлесіп, білім берудегі қазіргі заманғы трендтер жағдайында мектеп пен жоғары оқу орындары интеграциясының өзекті мәселелеріне арналған «**МЕКТЕП ЖӘНЕ УНИВЕРСИТЕТ: ЖАҒАНДЫҚ ТРЕНДЕР ЖАҒДАЙЫНДА БІЛІМ БЕРУ ИНТЕГРАЦИЯСЫ**» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға қатысуға шақырады.

**Конференцияның мақсаты:** қазіргі жағдайда мектептер мен жоғары оқу орындарының өзара әрекеттестік мәселелері бойынша ғылыми идеялар мен практикалық тәжірибелерді талқылау және алмасу үшін платформа құру.

**КОНФЕРЕНЦИЯНЫҢ НЕГІЗГІ БАҒЫТТАРЫ**

**1-секция.** Мектеп пен жоғары оқу орнының бірыңғай білім беру кеңістігін дамыту бойынша халықаралық және өңіраралық тәжірибелер

**2-секция.** Инклюзивті орта және метадағдылар — білім алушыларды даярлаудың стратегиялық бағдарлары ретінде.

**3-секция.** Желілік өзара әрекеттестіктегі дидактикалық тәсілдер мен педагогикалық инновациялар

**4-секция.** Цифрландыру және жасанды интеллект мектеп пен ЖОО-ның білім беру экожүйесін трансформациялау факторлары ретінде.

«**МЕКТЕП ЖӘНЕ УНИВЕРСИТЕТ: ЖАҒАНДЫҚ ТРЕНДЕР ЖАҒДАЙЫНДА БІЛІМ БЕРУ ИНТЕГРАЦИЯСЫ**» атты Халықаралық ғылыми-практикалық конференцияға қатысу үшін **мектеп басшылары мен педагогтарын, әдіскерлерді, психологтарды,**

**колледждер мен жоғары оқу орындарының профессор-оқытушылар құрамын, студенттерді, магистранттар мен докторанттарды шақырамыз.**

**Өтетін күні** – 27 наурыз 2026 жыл

**Өтетін орны** - Астана Халықаралық университетінің акт залы

**Конференцияның басталу уақыты** – сағат 10.00

**Конференцияға тіркелу** – сағат 9.00

**Конференцияға қатысу форматы** - офлайн/онлайн

**Конференцияға қатысу форматы** - қатысушы/тыңдаушы

**Конференция жұмысының тілдері** - қазақ/орыс/ағылшын

Конференция қорытындысы бойынша конференция материалдарының электрондық жинағы жарыққа шығарылады. Жинаққа тиісті кітапханалық индекстер — ЭОЖ және ББК, сондай-ақ баспа кітап индексі ISBN беріледі. Конференцияға қатысу нәтижесінде әрбір автор конференцияға қатысқанын растайтын бекітілген үлгідегі атаулы сертификат және конференция мақалаларының PDF форматындағы электрондық жинағын алады. Жинақ Астана Халықаралық университетінің сайтында жарияланады <https://www.aiu.kz/ru/science/conf>.

Конференцияға қатысу үшін материалдарды 2026 жылдың 25 наурызға дейінгі мерзімде келесі электрондық мекенжайларға (e-mail) ұсыну қажет:

**1 секция** - [asel\\_duysheva@aiu.edu.kz](mailto:asel_duysheva@aiu.edu.kz)

**2 секция** – [gulnaz\\_turarova@aiu.edu.kz](mailto:gulnaz_turarova@aiu.edu.kz)

**3 секция** – [mira\\_sadvakasova@aiu.edu.kz](mailto:mira_sadvakasova@aiu.edu.kz)

**4 секция** - [nazgul\\_kudarova@aiu.edu.kz](mailto:nazgul_kudarova@aiu.edu.kz) ,

**бір хатпен, жеке файлдармен:**

- 1) үлгі бойынша ресімделген өтінім (1-қосымша);
- 2) талаптарға және үлгіге сәйкес ресімделген мақала (2-қосымша);
- 3) ұйымдастыру жарнасын төлеу туралы түбіртектің көшірмесі (төлем кезінде «Конференция» көрсетілуі қажет)

Жіберу кезінде мақаласы бар файлдың атауында бірінші автордың тегі көрсетілуі керек (мысалы: өтінім - Иванов Д.А., мақала - Иванов Д.А., түбіртек - Иванов Д.А.).

Конференцияға қатысқаны және материалдар жинағында мақала жариялағаны үшін **ұйымдастырушылық жарна 4000 теңгені (төрт мың теңге) құрайды.**

**Ұйымдастыру комитетінің байланыс телефондары:**

1. Абылайхан Салтанат Мұратханқызы, Астана халықаралық университеті, «Педагогика және психология» кафедрасының меңгерушісі, тел.: +77012271592.
2. Кударова Назгуль Абильбековна, Астана халықаралық университеті, «Педагогика және психология» кафедрасының қауымдастырылған профессоры, PhD, тел.: 87077056703.
3. Есиргепова Венера Жумабековна, Астана халықаралық университеті, «Педагогика және психология» кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.м., тел.: – 87054626242.
4. Турарова Гульназ Укметбековна - Астана халықаралық университеті, «Педагогика және психология» кафедрасының аға оқытушысы, PhD, тел.: – 87051922943.
5. Дуйсекова Асель Аманжоловна – Астана халықаралық университеті, «Педагогика және психология» кафедрасының аға оқытушысы, тел.: – 87752745720.
6. Садвакасова Мира Газизовна - Астана халықаралық университеті, «Педагогика және психология» кафедрасының аға оқытушысы, тел.: – 87018339226.
7. Нигметжанова Гульназым Кудайбергеновна – Астана халықаралық университеті, «Педагогика және психология» кафедрасының аға оқытушысы, п.ғ.м., тел.:– 87714360382 **(төлем жайында сұрақтар бойынша).**

## **КОНФЕРЕНЦИЯҒА ҚАТЫСУ ШАРТТАРЫ**

### **Мақаланы рәсімдеуге қойылатын талаптар**

- Мақала мәтіні doc форматында (Microsoft Word 2003–2007) ұсынылуы тиіс. Қағаз форматы – А4 (297 × 210 мм). Жиектері: жоғарғы және төменгі – 2 см, оң жақ – 1,5 см, сол жақ – 3 см. Электрондық нұсқада беттер нөмірленбейді. Қаріп – *Times New Roman*, негізгі мәтін үшін – 14 pt, ал аннотация мен пайдаланылған әдебиеттер тізімі үшін – 12 pt. Мәтін тасымалсыз, ені бойынша тураланып форматталуы қажет, абзацтың бірінші жолының шегінісі – 1,25 см. Жоларалық интервал – бірлік. Мақала мәтінінде автоматты нөмірлеу қолданылмауы тиіс;

- Мақаланың басында, оның бағытына сәйкес, әмбебап ондық жіктеу индексінің (ӘОЖ) коды сол жақ жоғарғы бұрышта көрсетіледі (12 pt, қарапайым қаріп);

- Бір жол тастап (Enter), ортасына мақала тақырыбы бас әріптермен, қалың қаріппен жазылады (12 pt, бас әріптермен, қалың);

- Тақырыптан кейін бір жол тастап (Enter), оң жақ шетке автордың тегі, аты, әкесінің аты, ғылыми дәрежесі, атағы, қызметі, жұмыс (оқу) орны, қала, ел көрсетіледі. Егер ұйым атауында қала нақты көрсетілмесе, ұйым атауынан кейін үтір арқылы қала жазылады, ал шетелдік ұйымдар үшін – қала және ел көрсетіледі. Егер мақала бірнеше автордың қатысуымен дайындалса, олардың мәліметтері мақалаға қосқан үлесінің маңыздылығына қарай ретімен беріледі (авторлар саны 3-тен аспауы тиіс);

- Автор туралы мәліметтерден кейін бір жол тастап (Enter), үш тілде аннотация беріледі (қазақ, орыс және ағылшын тілдерінде): алғашқысы – мақаланың жазылған тілінде (3–5 сөйлем) және кілт сөздер (3–5 сөз) (10 pt, курсив, қарапайым қаріп);

- Мақала көлемі кемінде 3 бет және ең көбі 5 бет болуы тиіс;

- Мақаланы дайындау барысында пайдаланылған ақпарат көздерінің тізімі мақаланың соңында бір жол тастап (Enter) орналастырылады, дереккөздер саны 10-нан аспауы тиіс (12 pt). Әдебиеттер тізімі мәтінде келтірілу реті бойынша беріледі. Мәтін ішіндегі сілтемелер квадрат жақшада көрсетіледі, мысалы – [1].

### **«Жалпы талаптар және рәсімдеу ережелері»**

- **Кестелерді рәсімдеу.** Әрбір кесте нөмірленуі және атауы болуы тиіс. Кесте нөмірі мен атауы кестенің үстінде сол жақ шетке орналастырылады. Нөмірлеу «Кесте 1» («Таблица 1», «Table 1») түрінде беріледі, қаріп стилі – курсив. Кесте атауы нөмірден кейін сызықша арқылы жазылады;

- **Графикалық материалдарды рәсімдеу.** Графикалық материалдарда сканерлеуді қолданбай, «Microsoft Graph» немесе «Excel» бағдарламалары арқылы дайындалуы тиіс. Графикалық объектілер сурет немесе топтастырылған объектілер түрінде берілуі қажет. Графикалық объектілер бет жиектерінен шықпауы және бір беттен аспауы тиіс;

- **Объектілерді нөмірлеу.** Әрбір объект нөмірленуі және атауы болуы керек. Объект нөмірі мен атауы объектінің астында сол жақ шетке орналастырылады. Нөмірлеу «Сурет 1» («Рисунок 1», «Picture 1») түрінде рәсімделеді;

- **Формулаларды рәсімдеу.** Математикалық формулалар «Microsoft Equation» формулалар редакторы арқылы рәсімделеді. Формулалардың нөмірлері оң жақта жақша ішінде көрсетіледі. Формулалар саны көп болған жағдайда әр бөлім бойынша жеке нөмірлеу ұсынылады.

Мақалалар рецензияланбайды, ұсынылған мақалалардың мазмұны мен заңсыз өзге еңбектерді пайдалану (плагиат) үшін жауапкершілік авторларға жүктеледі.

**Ескертпе. Мақалалар тек өтінім болған жағдайда ғана қабылданады.**

ҚАТЫСУШЫ ӨТІНІМІН РӘСІМДЕУ ҮЛГІСІ

ӨТІНІМ

Автордың Т.А.Ә. (толық жазу)	
Жұмыс орны	
Ғылыми дәрежесі / атағы	
Лауазымы	
Байланыс телефоны	
E-mail ((қолданыстағы))	
Конференция секциясының атауы	
Мақаланың атауы	
Қатысу формасы	

## МАҚАЛАНЫ РӘСІМДЕУ ҮЛГІСІ

ӘОЖ 711.7 (өз ӘОЖ көрсетіледі)

**ҚАЗІРГІ ДИДАКТИКА МАЗМҰНЫНДАҒЫ ҚАЙШЫЛЫҚТАР ЖӘНЕ БОЛАШАҚ МҰҒАЛІМДЕРДІ ДАЯРЛАУ ҮРДІСІНДЕ ОЛАРДЫ ШЕШУ ЖОЛДАРЫ**

*Иманова А.Ж.*

педагогика ғылымдарының магистрі,  
педагогика кафедрасының оқытушысы  
Астана халықаралық университеті,  
Астана қ., Қазақстан

**Аңдатпа:** мақалада қазіргі дидактиканың мазмұнындағы негізгі қайшылықтар және олардың болашақ мұғалімдерді даярлау процесіне әсері қарастырылады. Қарама-қайшылықтар талданды, сонымен қатар болашақ мұғалімдерді даярлау процесінде анықталған қайшылықтарды шешу жолдары ұсынылды.

**Түйінді сөздер:** дидактика, қайшылықтар, мұғалімдерді даярлау, теория мен практиканы интеграциялау, оқытуды жекелендіру, инновациялық тәсілдер, ресми және бейресми оқыту, рефлексиялық дағдылар.

**Аннотация:** В статье рассматриваются ключевые противоречия, существующие в содержании современной дидактики, и их влияние на процесс подготовки будущих учителей. Проанализированы противоречия, а также предлагаются пути разрешения выявленных противоречий в процессе подготовки будущих учителей

**Ключевые слова:** дидактика, противоречия, подготовка учителей, интеграция теории и практики, персонализация обучения, инновационные подходы, формальное и неформальное обучение, рефлексивные навыки

**Abstract:** The article examines the key contradictions that exist in the content of modern didactics and their impact on the process of training future teachers. The contradictions are analyzed and ways to resolve the identified contradictions in the process of training future teachers are proposed.

**Key words:** didactics, contradictions, teacher training, integration of theory and practice, personalization of learning, innovative approaches, formal and informal learning, reflective skills.

Мақала мәтіні Мақала мәтіні Мақала мәтіні Мақала мәтіні Мақала мәтіні [1].

**Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:**

1. Н.Э.Пфейфер, Е.Жуматаева, Е.И.Бурдина. Основы современной дидактики. Павлодар, 2006. 315 с.
2. Н.Е.Бекетова. Проблемы дидактики высшей школы: усложнения на всех уровнях при обучении будущих менеджеров // Научно-методический электронный журнал «Концепт». – 2016. – Т. 37. – С. 13–17. – URL: <http://e-koncept.ru/2016/56779.htm>.
3. Григорьева Е. В., Бабаева А. А. Противоречия в процессе обучения и методы их решения // Проблемы современного педагогического образования. 2023. №79-1. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/protivorechiya-v-protsesse-obucheniya-i-metody-ih-resheniya>.
4. Мирзагитова А.Л. Дидактика в условиях современного образовательного процесса // Современные проблемы науки и образования.-2016.-№ 6

**ТӨЛЕМ БОЙЫНША РЕКВИЗИТТЕР**

**Товарищество с ограниченной ответственностью «Международный университет Астана»**

**Адрес: г.Астана, ул.Кабанбай батыра, 8**

**ИИН (БИН): 180440034965**

**ИИК: KZ1794805KZT22035807 (KZT)**

**БИК: EURIKZKA**

АО «Евразийский банк»

**Кбе 17**

**КНП 859 – услуги (конференция)**

**Ректор – Мырзагалиева Анар Базаровна**